



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ
20
АСТАНА

ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТІҢІМ-ПРЕЗІДЕНТІ - ЕЛДАСЫНЫҢ БОРЫ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

F 96

F 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018

УДК 621.397.13 (045)

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕЛЕКОНТЕНТ НАРЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ
АУТСОРСИНГТІК ЖӘНЕ КРАУДСОРСИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ**

Сәбитов Рауан Сәбитұы

rauash@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

журналистика мамандығының 3-курс PhD докторанты

Ғылыми жетекшісі – Н.Омашев

Қазіргі таңда қазақ тележурналистикасы кросс-медиа технологияларының негізінде дамуда. Әсіресе, телевизиялық нарықта көрермендерге пішіні, мазмұны, жанры бөлек түрлі бағдарламалар ұсынылуда. Қазақ телевизиясының 60 жылдық тарихында телеконтент идеологиялық түрғыдан бірнеше буын ұрпақты тәрбиееледі. Кеңес үкіметі тұсында теледидарда, негізінен, «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік» бағдарламалар көрсетілсе, Қеңестер Одағының құлдырауымен және Интернеттің пайда болуымен тәуелсіз қазақ телевизиясы соңғы ширек ғасырда конвергенциялық парадигма жағдайында әр алуан идеологиялық телеконтентті тұтынуда. Осы ретте, «Түрлі пішіндегі және жанрдағы телеконтентті пайдалану көрмерменің таным көкжиегін арттырғанымен, еліміздің ақпараттық-идеологиялық кеңістігі біртұтас па, ұлттымыздың өзіне тән менталитеті мен құндылықтар жүйесі сақталып отыр ма?» деген сұраққа нақты жауап беру қынға соғатыны жасырын емес.

Телевизиялық контент мәселелерін зерттеген З.Буенбаева: «Бұгінгі жаңа медиажүйе өзінің динамикасымен ерекшеленеді. Фаламтордың аудиторияны жаулап алу жылдамдығы коммуникация және ақпарат саласында тенденсіз жетістік болып табылады. Мәселен, американдық радионың 50 миллиондық аудиторияны жаулап алуына 38 жыл қажет болса, телевизия 14 жылдың ішінде миллиондаған аудиторияны өзіне қаратты. Ал, фаламтор 50 миллион американдықты 4 жылда жаулап алды» [1] – десе, телеақпарат кеңістігіндегі ақпараттық қауіпсіздік пен ақпараттық соғыс мәселесін зерттеген фалым Н.Қадырназов: «Бұкіл дүние жүзін шырмаған интернет жүйесі адамзаттың, ғылым мен білімнің дамуына күшті импульс әкелгенімен, мемлекеттердің, тіпті бүкіл бір аймақтардың саяси-экономикалық тұрактылығын, ішкі тыныштығын бұзғандығы бәрімізге мәлім. Египет, Ливия, Иордания, Сирия мемлекеттерінің ішіндегі соғыс өрттерінің тұтанып, лаулап жануына ақпараттық соғыстың ұшқын болғаны, әрине, ешкімге жасырын емес. Қазіргі Сирия, Ирак территориясында соғыс қимылдарын жүргізіп жатқан «Ислам мемлекеті» ақпараттық соғыс жұмысын жүргізу жолында интернет жүйесін жан-жақты пайдаланып, өздерінің содырлық істерін интернет арқылы дүние жүзіне таратып, жарнамалап отыр. Әр түрлі ролик арқылы жарнама жасап, өз қатарына басқа мемлекеттерден адам ресурстарын тартуда. Соңғы жылдары сәл саябыrsи бастаған АҚШ, Батыс Еуропа мемлекеттері мен Ресей арасындағы ақпараттық соғыс Украинадағы саяси-экономикалық дағдарысқа байланысты қазіргі кезде қайта өрши түсті. Бұрын Қеңестік одақтың құрамында болған Украина мемлекетінің ішкі саяси күштерінің Еуропалық Одаққа мүше болуға қарай қадам басуы ол мемлекеттің Ресей Федерациясымен арадағы ақпараттық соғысқа әкеп соқтырды. Осыған байланысты Украина мемлекетінің Ақпараттық саясат министрі Юрий Стець басқа мемлекеттің әлеуметтік жүйедегі «бот» пен «фейкттеріне» қарсы «акпараттық әскери құрама» құру туралы арнайы жарлық қабылдады. Үлкен бір мемлекеттің толыққанды ақпараттық әскери құрама құруы қазіргі кездегі ақпараттық соғыстың жаңа дәрежелік деңгейге көтерілуінің дәлелі болып табылады. Сонымен қатар Украинаның Ұлттық қауіпсіздік кеңесі жүзден астам Ресейдің телеарна, радиостанция, баспасөз және интернет басылымдарын 2015 жылға өз территориясында жұмыс істеуге рұқсат бермей койды. Мұның өзі, әрине, бекерден бекер істелініп отырған қадам емес» [2] – деген пікірінің идеологиялық түрғыда мәні терең.

Белгілі телесарапшы А.Бейсенқұлов қазіргі теленарықты дамытуда аутсорсингтік және краудсорсингтік тәсілдердің рөлі зор екендігін атап өтеді. Ол өз зерттеуінде жаңа медиа жаңа авторларды дүниеге әкеліп қана қоймай, журналистік кәсіпті де екіге жарғандығын айта келе: «Кәсіби журналист редакцияда жұмыс істеп, соның аясында ақпараттық саясатын жүргізе, кей авторлар «біз еркін, тәуелсіз журналиспіз, шындықты біз ғана жеткізе аламыз» деп жатады. Кәсіби емес журналистер қатары көп болғанымен, олар өзіне журналистиканың қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін толық ала алмауда. Уақыттың жаңалығы сол аутсорсинг, краудсорсинг деген ұғымдар дүниеге келді. Ірі телекомпаниялар кейбір тележобаларды продакшн студияларға беріп, қаржыландырады да, дайын өнім ретінде эфирге шығарады. Атақты британдық телерадиохабар тарату компаниясы BBC Лондонда «Тұтынушылар ньюсрумын» ашып қойды, яғни, кез-келген адам өзінің жаңалығын, идеясы мен жобасын ұсына алады. BBC UGC hub-ында енбек етегін Silvia Costeloe былай дейді: «Көпшіліктің даналығы құнды, оны журналистикамен сабактастырып, біз құнды мәлімет, пікірлерді жинақтай аламыз. Ақпаратты тексеріп барып қана эфирге шығарамыз. Әлеуметтік желі кәсіби қызметпен сабактасқанда ғана дұрыс нәтиже береді»(Costeloe, 2011). Al Jazeera телевизиясы да қарапайым көрмермендер ұсынған материалдарды тиімді пайдаланудың үлгісін танытты. Нидерланд қоғамдық телевизиясы NOS Net жаңалықтарында краудсорсинг тәсілімен көрмермендерді серіктес ретінде қатыстырады, сол арқылы әр түрлі пікір эфирге тарайды. Сөйтіп, Wiki форматы телевизияда да кең қанат жаюда. Деректі фильм жасауда да көрмермендерді кең қатыстыру тәжірибесі өмірге жолдама алды» [3] - дейді.

Маркетингтік және консалтингтік зерттеулер көрсеткендей, бүгінгі күннің талаптары көрмерменнің қызығушылығына тек динамикалық, үнемі өзгеріп, жаңарып тұратын эфир ғана лайықты жауап бере алатының көрсетіп отыр. Алайда мұндай әралуандықты кез келген телеарна қамтамасыз ете алмайды, өйткені телекомпаниялардың көрмермендерді телеконтент өндірісіне тартуы. Сол себепті әлемдегі бүкіл ТВ өндірісі таратылатын сигналдың сапасына жауап беретін операторлар және телевизиялық бағдарламаларды өндірушілер болып екі бағытта жұмыс істейді. Олар міндеттерді өзара оңтайлы бөлісе отырып, осылайша өздерінің күші мен уақытын тиімді пайдаланады.

Қatal бәсеке жағдайында телекомпаниялар өз көрмермендерінің сұранысын орындауға тырысады, осы мақсатта олар аудиториямен толыққанды байланыс орнатуға көшуде. Осы үрдістің соңғы жетістігі – телекомпаниялардың көрмермендерді телеконтент өндірісіне тартуы. Белгілі шетелдік зерттеуші Хаудідің 2006 жылы жарияланған «The Rise of Crowdsourcing» («Краудсорсингтің шыны») атты мақаласынан соң бұл құбылыс медиа салада институционалдық даму сатысына көшті. Осы ретте автор бұл феноменге мынадай анықтама берді: «Краудсорсинг дегеніміз – компанияның немесе институттың бұрынырақта қызметкерлері немесе аутсорсинг-компаниялары атқарған функцияларды ашық сұраныс түрінде адамдадың нақтыланбаған тобына беруі».

Кейінірек бұл ұғымның мағынасы кеңейіп, көпшілікті үйымдастыруышылық міндеттерге тарту дегенді білдірді.

Бүгінгі таңда краудсорсинг технологиясына мыналар жатады:

1) Контенті Интернет тұтынушыларының көмегімен қалыптасатын веб-сайттар. Бұған әлеуметтік жаңалықтар сервистері, фото- және бейнесайттар мен басқа да көптеген ресурстар жатады. Мәселен, Mail.ru, Уикипедия, YouTube және т.б.;

2) Клиенттер өнімді жасауға араласатын жағдайлар. Мұның жарқын көрінісі – «Procter & Gamble» компаниясы. Мұндағы жаңа өнімдердің 20 пайзын ұйымнан тыскары адамдар жасайды. Осы әдістің тиімділігін байқаған компания басшылығы мұндай өнімдердің үлес салмағын 50 пайзыға жеткізуді көзделеп отыр;

3) Компьютердің жұмысын қарапайым адамдарға азғантай ақша төлеп, талсыруы. Бұған, мәселен, дәрігерлердің диктофонға түсірген жазбасын мәтінге айналдыру жұмысын жатқызуға болады.

Краудсорсингті маркетингте қолдануды тұтынушының өнімнің немесе қызметтің жасалу үрдісіне қатысу белгілеріне қарай бірнеше түрге жіктеуге болады.

1. Өнімді өзірлеу сатысы (идея). Бұл кезеңде тұтынушылар жарнамаланатын тауарды жасау және жетілдіру үшін тартылады. Мәселен, Starbucks mystarbucksidea.com кофехана желілерінің сайты адамдарға сайтқа тіркеліп, Starbucks-тің жаңа сусындарын жасап шығару және қолданыстағы коктейлдердің сапасын жақсарту үшін өз идеяларын ұсынуына мүмкіндік береді. Киноиндустрияға келер болсақ, kinopoisk.ru сайты американық «Grow Ups» фильмінің орыс тіліндегі атауының неғұрлым дұрыс нұсқасын табуға конкурс жариялады. Сайт тұтынушыларының дауы беруі нәтижесінде фильмге «Одноклассники» атауы берілді.

2. Дайындау (құрастыру) кезеңі. Бұл кезеңде тұтынушылар тауарды оның соңғы, дайын түріне жақыннатуға қатысады. Осы орайда висбадендік зергер Лео Лангтің әдісі классикалық мысалға жатады. Ол өз клиенттеріне неке жүзіктерін жасауға қатысады ұсынады. Ал Ресейде «Кухнистрой» компаниясында әрбір клиент өзінің асханалық жихазын жасауға тікелей қатысы, екі аптада бітеп тұтынушылардың жұмысты бір-ақ құнде аяқтап, тауарды жеткізу мүмкіндігіне ие болады.

3. Тауарды ілгерілету кезеңі. Бұл тәсіл желілік маркетингке ұқсайды. Сатып алушы өзінің досы, танысы немесе туысы ұсынған тауар немесе қызмет түрін сатып алуда белсенділік танытады. ICQ («I seek you») жылдам хабарлама тарату бағдарламасын өзірлеушілер жаңартылған бағдарламаларды тарату үшін қызықты әдіс қолданды. «Бағдарламаның жаңа нұсқасы дайын болған сайын бағдарламашылар кездесіп таңдал алынған мындаған тұтынушымен байланыс орнатып, олардың әрбіріне бірынғай «купия паролді» таратып, бұл туралы тек екі досына айтуды сұраған. Компания күткендердегідей, тұтынушылар бұл шектеуді ескермей, бағдарлама туралы хабарды жаппай таратқан. Краудсорингтің бұл түріне «Досынды ертіп кел» секілді көптеген акцияларды да жатқызуға болады. Дей тұрғанмен, краудсорсингті әмбебап әдіс деуге болмайды. Себебі оны қолдану әдеп және экономикалық жағынан, тауар немесе қызмет түрінің ерекшеліктеріне, оларды тарату мен қолдану әдістеріне қарай шектелуі мүмкін [4].

Нарықтық қатынастарға қошкенине ширек ғасыр өткен Қазақстан телевизия саласы да да осы жүйеде жұмыс істеуде. Телебағдарламалар дайындастын кейбір аутсорсингтік компаниялар отандық теленарықта өздерінің лайықты орнын алғып үлгерді. Аймақтық телеарналарды есепке алмағанда, республикалық деңгейдегі телеарналардың барлығы дерлік дайын өнімдер ұсынатын компаниялардың мүмкіндігін пайдалануда. Бірақ мәселенің екінші жағы бар: өкінішке қарай, өзірге «сапалы өнім ұсына алатын продюсерлік орталықтар мен телекомпаниялар елімізде айтартылғанда көп емес» [5]. Мұның зардабы, әсіресе, мемлекеттен қаржылай көмек алмайтын коммерциялық телеарналарға қаттырақ тиуде.

Телеконтентті аудсорсинг немесе краудсорсинг технологиясы арқылы жасау арқылы теларна басшылары жергілікті көременнің менталитеті мен ұлттық идеологияны, ұлттық мазмұнды естен шығармауы тиіс. Отандық медиа салада шетелге еліктеушілік салдарынан ақпараттық қауіпсіздікке нұксан келетін жайттардың аз еместігін алға тартқан белгілі БАҚ зерттеушісі, профессор Н.Омашев: «Қазақстан журналистикасының айналасында кейінгі кездерде саяси капиталға байланысты да көп мәселелер айтылып жүр. Сондай-ақ БАҚ магнанттары пайда болуының алғышарттары және мұндай алпауыттардың қоғамға тигізетін қандай әсері бар деген секілді тақырыптар құн тәртібіне қойылып келеді. Шындығында, біз мұны қалайық, қаламайық, оларды қоғамның өзі туғызды. Оның үстіне, Қазақстан – жариялылық құндылықтарын құптаған ел. Яғни, ақпаратқа қысымшылық жоқ. Бірақ БАҚ магнанттарын мемлекеттік муддеге жұмыс істеуге шақыру әсте дұрыс. Өйткені, олардың қолында үлкен идеологиялық құрал бар екенін естен бір сәт те шығаруға болмайды. Қайта БАҚ иесінің қайdan шыққанын, оның тәуелсіз елімізге қаншалықты дәрежеде жаны аштынын, «қаражатын өзі өмір сүріп отырған қоғамға жүмсай ма, жоқ көкейінде жүрген бір дара піғылына шашады ма?» деген мәселелерді зерттеудің ешқандай артықшылығы жоқ. Несін жасырамыз, бізде осы жағы жетіспейді. Мұндай иглілікті іс-шаралар мемлекеттік тұрғыда жасалынуға тиісті. Әрі тәуелсіз елімізді мұратына жеткізетін асыл құндылықтарды айқындауымыз керек» [6] - дейді.

Қорыта айтқанда, ақпараттық қауіпсіздік түрғысынан отандық телеконтентті сандық, сапалық түрғыда дамыту мәселесі қай кезде де өзекті болып қала бермек. Әлемнің алпауыт елдерінің толассыз мәдени экспансиясына төтеп бере алуы үшін мемлекет отандық телевизияны сыртқы факторлардан қорғап, нарықтық қатынастар заңына сәйкес барлығына әділ де тең жағдай туғызуы қажет. Ол үшін еліміздің Ақпарат және коммуникациялар министрлігі мынадай ұсыныс-тілектерді мұқият зерттеп-зерделеген жөн деп білеміз:

- Қазақстанғы шетелдік телеарналардың көрсетілуін азайту;
- Ақпарат және коммуникациялар министрлігі жаңынан шетелдік контенттің мазмұнын тексеретін арнайы жұмыс тобын құру;
- Шетелдік контентке жарнама орналастыруға шектеу қою;
- Отандық сериал өндірісін дамыту үшін телеарналарға салықтық жеңілдіктер қарастыру;
- Сапалы телеконтент ұсынатын отандық аутсорсингтік және краудсорсингтік компаниялардың қызметіне қолдау көрсету.

Ең бастысы, ақпараттық саясатта телеарналарды заңнамалық түрғыдан міндеттеумен қатар, ынталандыру тетіктерін де дұрыс қолдана білген абзал.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Буенбаева З.К. Қазақ тележурналистикасындағы конвергенция үдерісі мен кросс-медианың мүмкіндіктері // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мұдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты респубикалық дөңгелек үстел материалдары, Алматы: Қазақ университеті, 2015 жыл, 82 б.
2. Қадырназов Н. Телеақпарат кеңістігіндегі ақпараттық қауіпсіздік пен ақпараттық соғыс //«Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мұдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты респубикалық дөңгелек үстелдің материалдары, Алматы: Қазақ университеті, 2015 жыл, 61-62 бб.
3. Бейсенқұлов А. Телеконтентті дамытудағы сандық технологияның жаңа мүмкіндіктері //«Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мұдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты респубикалық дөңгелек үстелдің материалдары, Алматы: Қазақ университеті, 2015 жыл, 15 б.
4. Черных О.Д. Краудсорсинг как инструмент современного маркетинга // Материалы Всероссийской научно-практической конференции «Проблемы массовой коммуникации» 28-30 октября 2010 г., С. 73.
5. Цай А. «ЭРА» телекомпаниясы» ЖШС Бас продюсері Михаил Дорофеевпен сұхбат: «И седьмые станут третьими», 2009 жыл, 3 б. <http://expertonline.kz/a3630/>
6. Омашев Н. Төртінші билік // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мұдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты респубикалық дөңгелек үстел материалдары, Алматы: Қазақ университеті, 2015 жыл, 19-20 бб.